

**Түркістан көпсалалы-техникалық
колледжінің МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының**

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өткен күні: 26.12.2022ж

Көксәйек ауылы

Қатысқандар: Кеңес мүшелері, колледж директоры, директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде:

1. Колледж директорының қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне соңғы үш жылда колледжде атқарылған жұмыстарға және алдағы уақытта жоспар бойынша атқарылатын жұмыстар туралы есеп беруі туралы.
2. Колледж директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасарының өз тарапынан атқарылатын жұмыстарына есеп беруі туралы.
3. 2022-2023 оқу жылында оқуға қабылданған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және әлеуметтік жағдайы күн көріс деңгейінен төмен отбасыдан, аз қамтылған отбасыдан шыққан студенттерге жәрдем беру туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, колледж директоры Жанәбіл Болат Серікұлы соңғы үш жылда колледждегі атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, толық мәлімет берді. Алдағы уақытта жоспар бойынша атқарылатын жұмыстар туралы мәлімет берді.

Екінші мәселе бойынша колледж директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары Жолшыбеков Бекқали қамқоршылық кеңесі бойынша, өзіне тән атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, толық мәлімет берді.

Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері мен колледж басшылығы колледждегі білім алып жатқан жетім балаларға, ерекше балаларға, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға жан-жақты жәрдем беру туралы, олардың колледжде білім алуларына, жатақханада және асханада ерекше жақсы жағдай жасалуын қадағалау және жәрдем беру туралы өзекті мәселелер талқыланды.